



ГУЛЬНАРА МАМЫРБАЕВА,

МККК №3 «Көркем» бөбекжай бақшасының II санатты тәрбиешісі
Түркістан облысы, Келес ауданы, Абай ауылы

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ БАЛАЛАРЫН ТӘРБИЕЛЕУДЕ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫННЫҢ НЕГІЗІ

Мектепке дейінгі шақта ойын іс-әрекетінің басты түріне айналады, алайда бұл қазіргі баланың, әдетте, көп уақытын өзіне қызғылықты ойындармен өткізетіндігінен емес, ойын баланың психикасында сапалық өзгерістер туғызатындығынан болады.

Мектеп жасына дейінгі бала ойын іс-әрекетінде заттарды ажыратып қана қоймай, сонымен қатар өзіне қандай да бір рольді алады да, сол рольге сәйкес іс-әрекет жасай бастайды. Бала өзін аттың немесе қорқынышты аңның онына қоя тұрса да, көбіне ол ересек адамдарды: анасын, тәрбиешісін, ұшқышты, шоферді бейнелейді. Балаға ойын іс-әрекеті процесінде адамдар арасындағы қарым-қатынастар, олардың праволары мен міндеттері біртіндеп ашыла түседі.

Затты танып, қабылдай тұра бала оның бәрін емес, жеке белгілерін ғана бағдарлайтыны, қабылдайтын нәрсенің кеңістік жағдайына немесе бейнесіне селсок қарайтындығынан да байқалады.

Балалардың заттарды қабылдайтын көру іс-әрекеті жармасу және манипуляция іс-әрекеттері процесінде жасалады. Бұл іс-әрекет алдымен заттың формасы мен көлемі сияқты қасиетіне бағытталған. Бұл кезеңде затты танып білу үшін оның түсінің ешқандай маңызы болмайды. Бала боялған заттардың формаларының ерекшелігіне ғана бағдарлана отырып, сондай-ақ тіпті басқа бір әдеттегідей емес түске боялғанын да оңай таниды. Әрине, бұдан бала түсті айыра білмейді деген қорытынды шықпайды. Нәрестенің белгілі бір түсті ажырататынын, сондай-ақ затты сипаттайтын белгі ретінде әлі қабылданған жоқ және сезіну кезінде ол есепке алынбайды.

Затты қабылдау, сезіну неғұрлым толық әрі жан-жақты болуы үшін, балада сезімнің жаңа іс-әрекеттері қалыптасуы тиіс. Мұндай іс-әрекеттер заттық қимылды игеруге, әсіресе құрал-жабдықпен қимыл жасауға байланысты қалыптасады.

Заттардың қасиеттерін анықтауға бағытталған баланың сыртқы бағдарлау қимылы

аракатынастық іс-әрекеттерді игеру кезінде ғана емес, сондай-ақ құрал-сайманмен әрекет жасауды үйрену кезінде қалыптасады. Мысалы, анадай жерде жатқан нәрсені таяқтың көмегімен алуға тырысқан баланың қолына тым қысқа таяқ түссе, оның пайдаға аспайтынына көзі жеткеннен кейін оны ұзынырағына ауыстырады. Сөйтіп заттың алыстығы мен таяқтың ұзындығының аракатынасын бір жүйеге түсіреді.

Сыртқы бағдарлау қимылының көмегімен заттардың қасиеттерін салыстырудан, салыстырудан бала заттардың қасиеттерін көзбен көріп бағдарлауға көшеді. Қабылдау іс-әрекетінің жаңа типі қалыптасады. Бір затын қасиеті бала үшін екінші бір заттың қасиеттерін өлшеуге көмектесетін өлшемге, үлгіге айналады. Пирамиданың бір шығыршығы басқа шығыршықтардың өлшемі таяқтың ұзындығы – қашықтықтың өлшемі, қораптың саңлауының формасы оған түсіретін фигуралардың формасының өлшемі болады.

Баланың қабылдаудың жаңа іс-әрекеттерін игеруі заттық қимылды орындай отырып, көзбен байқап, бағдарлауға көшуінен көрінеді. Ол керек заттар мен оның бөлшектерін көзбен іріктеп, қажетті іс-әрекетті алдын – ала байқап қарамай-ақ бірден жүзеге асырады.

Осыған байланысты екі жарым – үш жастағы бала формасы, көлемі мен түсі жағынан әр түрлі заттарды үлгісіне қарай көзбен таңдай алатын дәрежеге жетеді. Ол үлкендердің сұрауы бойынша үлгі ретінде берілген үшінші нәрседен аумайтын затты іріктеп ала алады. Соның өзінде әуелі бала формасы бойынша, сосын көлеміне, ақырында түсіне қарай іріктейді. Бұл қабылдаудың жаңа түрлері алдымен затпен практикалық қимыл жасау мүмкіндігі соған байланысты қасиеттерге қалыптасады да, содан соң барып басқа қасиеттерге ауысады деген сөз. Үлгі бойынша көзбен іріктеу – таныс заттарды қарапайым білуден әлдеқайда қиынырақ

міндет. Заттардың өзіндік неғұрлым әлдебір Баланың бұрынғы белгілері болады.

Бала болса таңдауын ұсынса не көптеген бояуы айны өз керегі келмейді.

Егер өзара салыстырғанда ретінде көз келген өзіне жаңа үлгілерге заттар ғана ойында қалып қызмет ету анықтаған сияқты», - деген сияқты», «жұмыртқа жайлы: «шәкім т. б. дейді.

Дәл өзі бейнелеу түсін есепке пайдаланады

Әр түрлі формасымен осы қасиетті мұның келеуі маңызы зор. көз алдында мүмкіндігінше түсін, көлеуі түсіндірудің айқын ұғым Мұндай үлгі қабылдау іс-әрекеті кейін ғана көріп отырады әрекеттің түсі байланысты. ұғымдарды іс-әрекетінде қалай байланысты.

Кеңістік әрекеттесуінде сонда бағдалабылады. объективті кө

міндет. Бұл жерде бала қасиеттері бірдей көптеген заттардың бар екені түсінеді.

Затты басқа нәрсемен салыстыра зерттеу неғұрлым жан-жақты болады, бала көзіне түскен әлдебір жеке белгілермен қанағаттанып қалмайды. Баланың қабылдаудың жаңа түрін игеру заттарды бұрын картиналарға, фотографияларға қарап, жеке белгілерін салыстыра тануы жойылуына себеп болады.

Балалар сәбилік шақта өзінің қабылдауын әлі де болса жақсы басқара алмайды және де егер оның таңдауына екеу емес, көптеген түрлі заттарды ұсынса немесе нәрселердің формасы күрделі болып, көптеген бөлшектерден тұрса, немесе олардың бояуы айнымалы, ауыспалы түс болса, онда баланың өз керегін үлгі бойынша іріктеп алуға шамасы келмейді.

Егер сәбилік шаққа жеткен бала заттарды өзара салыстырғанда олардың кез келген біреуін үлгі ретінде қолданса, кейінірек, үш жасқа аяқ басқанда кез келген басқа нәрсенің қасиетін салыстыратын өзіне жақсы таныс кейбір заттарды тұрақты үлгілерге айналады. Мұндай үлгілер ретінде нақты заттар ғана емес, сонымен бірге олар жайлы баланың ойында қалып қойған, есінде сақталған ұғымдар да қызмет етуі мүмкін. Мысалы, үш бұрышты заттарды анықтаған кезде ол: «үй сияқты», «үйдің шатыры сияқты», - десе, домалақ заттарды анықтағанда: «доп сияқты», сопақша заттарды: «кияр сияқты», «жұмыртқа сияқты», - дейді. Қызыл түсті заттар жайлы: «шше сияқты», жасыл түстіні: «шөп сияқты» т. б. дейді.

Дәл осы сияқты сурет сала бастағанда да бала өзі бейнелейтін заттың немесе оған ұсынған үлгінің түсін есепке алмайды да, өзі ұнатқан қарындашпен пайдаланады.

Әр түрлі заттардың қасиеттерімен – түрлі формасымен, түсімен, көлемімен т. б. танысқан бала осы қасиеттер жайлы ұғымдар қорын жинақтайды, мұның келешек баланың ақыл – ойының дамуы үшін маңызы зор. Дегенмен, егер нәрсе тек қана баланың көз алдында тұрса, тіпті бала оны ұстап қарау мүмкіндігіне ие болса, бірақ оған заттың формасын, түсін, көлемін, тағы басқа қасиеттерін әдейі түсіндірудің қажет болмаса, мұның өзі әлдебір айқын ұғымның қалыптасуына қол жеткізбейді. Мұндай ұғым белгілі бір қасиеті бар затпен қабылдау іс-әрекетін әлденеше рет орындағаннан кейін ғана қалыптасады. Ал, бұл қимылдар, біздің көріп отырғанмыздай, балаға тән практикалық іс-әрекеттің түрлерімен, алдымен заттық іс-әрекетпен байланысты. Сондықтан заттың қасиеті туралы ұғымдарды жинақтау баланың өзінің заттық іс-әрекетінде қаншалықты көріп бағдарлай алатынына байланысты.

Кеңістікті қабылдау адамның ортамен өзара әрекеттесуінде үлкен роль атқарады және адамның сонда бағдарлауының қажетті шарты болып табылады. Кеңістікті қабылдау кеңістіктің объективті көрінісінің бейнеленуі болып табылады

және объектердің формасын, көлемін және өзара орналасуын, олардың рельефін, қашықтығын және олардың бағытын қабылдаудан тұрады.

Адамның ортамен өзара әрекеттесуі адамның денесін және оған тән координаттар жүйесін де қамтиды. Адамның заттарды қабылдауы өзінің және олардың кеңістіктегі орналасу ерекшелігін талдау негізінде жүзеге асады. Бұл – адамның кеңістіктік анализ деп аталатын күрделі аналитикалық-синтездік іс-әрекетінің жемісі. Кеңістіктік бағдарлауда қозғалыстық анализатор ерекше роль атқарады. Кеңістіктік бағдарлаудың арнайы механизмдеріне анализаторлардың іс-әрекетіндегі ми сыңарлары арасындағы жүйкелік байланыстарды жатқызуға болады. Олар: бинокулярлық көру, бинауралдық есту, бинауралдық сипап сезу, дириникалық иіс сезу және т. б. Заттарды, кеңістіктік қасиеттерін бейнелеуде барлық жұп анализаторларға тән болатын функционалдық ассиметрия маңызды роль атқарады. Функциялық ассиметрия анализаторлардың бір жағынан жетекші, доминантты болып табылатынын білдіреді.

Заттардың көлемі мен түрін қабылдауда олардың көздің тор қабығында бейнеленуінің үлкен маңызы бар. Үлкен заттарға үлкен кескін, кіші заттарға кіші кескін сәйкес келеді. Адамның көз құрылысының ерекшелігіне байланысты алыста орналасқан зат көлемі жағынан бірдей болғанымен, жақын қашықтықтағы затқа қарағанда, кіші болып бейнеленеді. Заттардың көлемі мен түрін қабылдау көру, сипап сезу және бұлшық еттік-қимылдық түйсіктердің күрделі үйлесімі негізінде жүзеге асады.

Заттардың аумақтылығын немесе тереңдігін қабылдауда бинокулярлық көру негізгі рөл атқарады.

Заттар қашықтаған сайын, кеңістікті қабылдауда заттардың орналасуына қарай туатын жарық пен көлеңкенің өзара орналасуының маңызы үлкен болып табылады. Адам мұндай ерекшеліктерді байқайды да, заттың кеңістіктегі орнын жарық пен көлеңкеге сүйеніп-ақ, дұрыс анықтап беруді үйренеді.

Сонымен, сәбидің заттың қасиеті туралы ұғымын байыту үшін, оның заттық іс-әрекетті орындау үстінде осы қасиеттердің негізгі түрлерімен танысуы қажет. Баланың іс-әрекет жасайтын заттарының санын, кейде орын алып жүргеніндей, екі-үш формамен және үш-төрт түспен шектеу дұрыс емес. Зерттеушілер үш жасқа қараған бала бес-алты форманы (дөңгелек, сопақша, төртбұрыш, тікбұрыш, үшбұрыш, көпбұрыш) және сегіз түсті (қызыл, қызғылт-сары, сары, жасыл, көк, күлгін, ақ, кара) айыра алатынын анықтаған.

Сәбилік шақта баланың сөйлеуге машықтануы мен заттың қасиеті туралы қабылдау мен ұғым қалыптастыру байланысы бар. Балалардың үш жасқа дейін үйренген сөздерінің көпшілігі заттарды және іс-әрекетті бейнелейді. Ал түс пен форманың атауын (қызыл, сары, жұмыр) үйрену

балаларға қиынға түседі, оны тек үлкендердің жалықпай үйретуі нәтижесінде игереді, соның өзінде сөздерді шатастырып ала қереді. Осыған карап, ұзақ уақыт бойы балар үш жаска дейін түсті айыра алмайды деп есептеліп келді. Бұл қиындықтардың өзіндік психологиялық себептері бар. Сол заттың атауы – алдымен оның атқаратын қызметін, сыртқы түрі өзгергенде де сол күйінде қалатын міндетін көрсетеді. Мысалы, күрекшені алайық. Оның сыртқы белгісі, түсі, көлемі қандай болғанына карамастан қызмет біреу-ақ – жер қазу. Заттың атауын білгеннен кейін бала оның сыртқы түр-түсінің, белгісінің өзгеруіне карамастан танып, тиісінше қолдана алады. Ал, оның қасиеттерін білдіретін сөз - өзінше бөлек. Бұл жерде заттан, оның атқаратын қызметінен көңілді басқа жакка аударып, әр түрлі заттарды қолдану үшін маңызы жок белгілері бойынша біріктіру керек. Сонда сәбилердің ажыратуына қиындық келтіретін карама-қайшылықтар пайда болады.

Үлкендер балалармен сөйлескен кезде заттардың қасиетін, белгісін үнемі айтып отырғанымен, сәбиден оны жаттап алуды, дұрыс айтып беруін талап етудің қажеті жоқ. Бала төрт-бес жаска келгенде бұған неғұрлым қолайлы жағдай туады.

Сәбилік кезеңде көру қабылдауымен қатар есту қабылдау да жаксы дамиды. Мұнда да заттар мен құбылыстардың (бұл жерде дыбыстардың) қасиеттері баланың іс-әрекетіне қажетті мөлшерде бөлінетін негізгі тәртіп сақталады. Сәбидің дыбыстарды қабылдауға байланысты негізгі іс-әрекеті сөйлеу арқылы қатынас жасау болып табылады. Сол себепті бұл кезеңде фонематикалық

есту қабілеті ерекше тез дамиды. Бір-бірінен айрылу екпіні мен құрылымына қарай өзгешеленетін буындалып бөлінбеген дыбыстар комплексін қабылдаудан бала олардың, дыбыстық құрамын қабылдауға көшеді. Әр түрлі дыбыстар сөз ішінде ерекше естіліп, бала оны тиісті ретімен (әуелі дауыстыларын, сосын дауыссыздарын) айыратын болады.

Әдетте бала екі жаска толғанда ана тіліндегі барлық дыбысты қабылдап түсінеді. Дегенмен фонематикалық есту қабілетін анықтай түсу келесі жылдарда жалғаса береді.

Балаларда жоғары дыбыстық есту – дыбыстарды биіктігіне қарай қабылдау баяу дамиды. Бірақ арнаулы тәжірибе мұндайда едәуір ілгері басуға болатынын көрсетеді. Жоғары дыбыстарды баланың көңілін аударатын тапсырмаларға енгізіп, олардың сәбиге таныс заттармен байланысты екенін көрсету керек. Сөйтіп үш жаска караған балалар мұндайда неғұрлым қатты дауы кішкене ойыншық малдың, ал жай дауыс үлкен малдың «дауысы» болып естілсе, айырмашылығы шамалы дауыстарды ажырата білуді оңай үйренеді.

Ерте сәбилік шақтың басында бала айналасындағы заттардың қасиеттерін қабылдап, олардың арасындағы қарапайым байланыстарды аңғарып және оларды пайдалана бастайды. Бұл заттық іс-әрекетті, ойынның қарапайым формаларын, сурет салу мен сөйлеуді игеруге байланысты бұдан арғы ақыл-ой дамуының алғы шарттарын жасайды. Ерте сәбилік шақтағы ақыл-ой дамуының негізін балада қалыптасып жатқан қабылдау мен ойлау әрекеттерінің жаңа түрлері құрастырылады.

Адам баласы еңбекке икемдеп, Бүгінгі қалыптасқан заңдары бар педагог адамзат тәрбие ісін қағазға жазылып мәңгі сақталып, ауызша нақыл-ақыл тарап келген бағалымдары бар. аталады. Халықтың жора, ырымдар, рәсімдері мен ауыл өрнек, өнер түрлері отбасылық тәрбиелік жұрт, ру-тайпа, қатынастан берік адам мінезін, іс-әрекет нормасы болып педагогикасы қоғамнан бастап педагогикалық тәрбиесінің басты болып, тәрбие жұмысы байқаймыз. Яғни мен халықтың педагогикасы, туындайды. Осы эмпирикалық тәрбиелеу тағыл ой елегінен өткізетін өзекті құралы еді даму кезеңдері ғылымдармен педагогиканың пайда болды.

Академик халықтық педагогика баласының дүниесін жасасып келуді



ALĞYS HAT

Благодарственное письмо

Құрметті Мамырбаева Гүлнара Болатовна

Сізге ауданымыздың білім беру саласын дамытуға қосқан
үлесіңіз және қызметтегі қол жеткізген табыстарыңыз
үшін алғыс білдіремін.

Өскелең ұрпақтың зияткерлік қабілетін дамыту жолында
аянбай еңбек ететініңізге сенімдімін. Кәсіби мерекеңізбен
құттықтай отырып, шығармашылық табыс, зор денсаулық,
отбасыңызға амандық тілеймін!

Келес ауданының адами әлеуетті
дамыту бөлімінің басшысы




Б. Абдиев

Б.Абдиев

Тіркеу 260

Абай ауылы 2022ж



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«ӨРЛЕУ» БАҰО АҚФ «ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ЖӘНЕ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
КӘСІБИ ДАМУ ИНСТИТУТЫ»

МАДАҚТАМА

Мемлекетіміздің рухани әлеуетін нығайту мен білім беру сапасын арттыру саясатын жүзеге асыруда кәсіби жаңашылдығы, үздіксіз ізденімпаздығы және жоғары нәтижелері үшін

Түркістан облысы, Келес ауданы

№3 «Көркем» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі

МАМЫРБАЕВА ГУЛЬНАРА БОЛАТОВНА

МАРАПАТТАЛАДЫ

Директор



Л.Т.Искакова

№

840

Шымкент, 2022

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ»
«ТАҒЫЛЫМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫ



ДИПЛОМ

I ДӘРЕЖЕ

«Рухани жаңғыру» ақпараттық-сараптамалық орталығы және
«ТАҒЫЛЫМ» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы ұйымдастырған
«Үздік педагогикалық жұмыстар» республикалық конкурсының
«Үздік мақала» номинациясы бойынша
I орын алғандығы үшін

Гульнара Мамырбаева

МАРАПАТТАЛАДЫ

АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОР

26 ҚАЗАН 2020 ЖЫЛ



Ғ. ЗАМБАЕВА

№ 2020 10(81)-427-ТК

Нұр-Сұлтан, 2020

СЕРТИФИКАТ



«Рухани жаңғыру» ақпараттық-сараптамалық орталығы
«ТАҒЫЛЫМ» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы

Тұлынара Мамырбаева

«ТАҒЫЛЫМ» республикалық ғылыми-әдістемелік журналының
2020 жылғы қазан айындағы №10(81) санында
«Үздік педагогикалық мақалалар» атты конкурсының жинағына
«Мектепке дейінгі ұйым балаларын тәрбиелеуде дидактикалық ойынның негізі»
тақырыбында материал жарияланғанын растайды

Атқарушы директор

Г. Замбаева



№ 2020 10(81)-458-ГК

Нұр-Сұлтан, 2020



КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ
«ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ЖӘНЕ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША КӘСІБИ ДАМУ ИНСТИТУТЫ»

СЕРТИФИКАТ

«Мектепке дейінгі ұйымдарының оқыту мен тәрбиелеу
үдерісінде М.Монтессори педагогикасын қолдану жолдары»
тақырыбындағы оқыту семинарына қатысқаны үшін

МАМЫРБАЕВА

ГУЛЬНАРА

БОЛАТОВНАҒА

берілді

№ 563

Шымкент, 2022



МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРДІ НАСИХАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ
ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



Алғыс хат



Тіркеу №001406

Мемлекеттік рәміздер – халқымыздың рухын, ұлттық сатт-санасын,
қаһармандығы мен данатығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін
ерекше құнды белгілер.

Жалпы орта білім беру сатасында

ҚР Мемлекеттік рәміздерін насихаттау бағытындағы жұмыстарды
жаңдандыруға ат салысқаны үшін

№3 «Көркем» бөбекжай бақшасының
қызметкері

Мамырбаева Гүльнара Болатовна

Атыспен мадақталады.

Ұлттық орталығының
Атқарушы директоры
Р.Хамза

З.Мамырбаева



Келес ауданы
Түркістан облысы
2020 жыл